

О.Нұсқабаев

әлеум.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан, Қазақстан (e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz)

**Түрктенді халықтардың мұсылмандануы: тарихы және
қайнарлық желілері**

Андатпа

Мақалада Орталықазиялық түрктенді халықтардың мұсылмандану тарихына ой жүгіртіп, оған ықпал еткен белгілі бір діни мәзһабтық жолдың, оның беделді өкілдерінің, сондай-ақ белгілі бір исламдық діни ағымды ұстанған сопылық бауырластықтың орны мен рөлі сарапталған. Ортағасырлық арабтық және парсылық шығармалардан бұрындары хабарланбаған тың деректерге, сараптауларға айрықша мән берілген. Ислам дінінің Орталық Азияға енуі, бұрындары айтылып жүргендей, 960 жылы емес, одан ертерек, яғни 714 жылы енгендігін негіздейді. Ислам дініне орталықазиялық түрктенді халықтарды мойын ұсындыруда түп тектері арабтық және парсылық дін иелерімен қатар, жергілікті халықтардан шыққан ірі дін иелерінің, шейхтердің, ишандардың, қары мен молдалардың да айтарлықтай еңбек сіңіргендігін дәлелдейді. Түрктенді халықтардың ислам дінінің Ханафи мәзһабын таңдап алуында Ясауи ілімімен қатар басқа да бірнеше суниттік бағыттардың еңбек сіңіргендігін айғақтайды. Сонымен қатар мақалада ислам дінінің Ясауи жолының таза түркілік сипатта көріністенгендігі дәлелденіп, оның ирандық аш-шиа бағыты мен нақшбандийа тарихаты ағымдарына қарсы күресі бұрындарғы ғылыми басылымдарда айтылмаған қырларымен сипатталады.

Кілт сөздер: Шейх, тарихат, ислам діні, аш-Шафиға, әл-Маликийа, әл-Ханибила, Ханафи мәзһабы, сопылық бауырластықтар

O. Nuskabaev

Doctor of Sociological Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz)

Muslimization of the Turkic Peoples: Historical and Source Links

Abstract

The aim of the study: a review of the history of the Muslim Turkic peoples of Central Asia, analysis and evaluation of the role and place of a particular religious Muslim spiritual leader, influential representatives, as well as Sufi brotherhood. Sources of research: historical publications on the establishment and activities of Islam in Central Asia. Among them, special attention is given to justified medieval sources which were previously translated from Persian and Arabic but not announced. Results and novelty of the research: the rationale for the fact that the introduction of Islam in Central Asia, as was

О. Нұсқабаев. Түрkteкті халықтардың мұсылмандануы: тарихы және...

said earlier, did not begin in 960 but earlier in 714. It has been proved that not only religious leaders, but also religious representatives among the people, sheikhs, ishans, kary and mullahs, have made a great contribution to the spread of Islam among the Turkic peoples of Central Asia. Accurate evidence was obtained that the teachings of Yassawi and some Sunni movements influenced the choice of Islam and Hanafi mazhab by the Turkic peoples. Also, the study proved the Turkic description of the path of Yassawi in Islam, and previously unknown sources about his struggle with the Iranian flow of Ash-Shia and Nakshbandiya Tarihat.

Keywords: Sheikhs, Tarihat, Islam, Al-Shafiga, Al-Malikiyah, Al-Hanibil, Hanafi Madhab, Sufi Brotherhood

Кіріспе

Ресми мәліметтерде ислам діні қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне 942-1210 жылдары аралығында өмір сүрген Қарахан мемлекеті тұсында аяқ басты. Нақтылап айтқанда, Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы Сатұқ Боғра ханның (915-955 ж.ж.) ұлы Мұса өз қолына билікті толық шоғарландырған 960 жылы мемлекет халқын ислам дініне қаратты делінеді. Дей тұрғанмен бұл мәліметтің растамалығына шүбә келтіретіндер де жетіп артылады. Олардың түсіндірмелері бойынша, Халифат Орта Азияны жаулауды Әбдімәлік ибн Маруан (685-705) халифа тұсында-ақ жоспарға алып қойған. Жаулауды орындау Хорасан билеушісі Кутейб ибн Муслимге жүктелген. Оның әскері 705 жылы Орта Азияны жаулап алу жорықтарын бастады. Дей тұрғанмен Халифат әскерлері өзінің 4-ші шабуылдауында ғана Бұхараны басып ала алды. Олар қаланы басып алысымен-ақ онда мешіттер мен медреселер салдыртуды қолға алды. Мешіттерде иман айтқызу үшін және медреселерде ислам дінін оқыту үшін Хорасаннан имамдар мен діни мектеп оқытушылары (негізінен арабтар мен ирандықтар) алдыртылды. Имамдарға қала халқын ислам дініне мойын ұсындыртып, оларды жаппай мұсылмандандыру міндеті жүктелді. Ал, оқытушыларға жергілікті түрkteкті халықтардың діни оқуға тартылған балаларына ислам дінінің мазмұнын, негізгі қағидаттарын және құлшылық ету ережелерін толық меңгертіп, нағыз діндарлар етіп аяқтандыру міндеті тапсырылды.

Ондағы мақсат жергілікті түрkteкті халықтардың балаларын миссионерлік қызметке даярлау болды. Анықтаңқырап айтқанда, жергілікті түрkteкті халықтардың балаларын ислам дінінің бар нәрімен сусындатып алып, оларды далалықтарды жаппай мұсылмандандыру мақсатында пайдалану жоспарланды.

714 жылы, – деп мәлімдейді өз жазбаларында академик Б.Гафуров, – Кутейб ибн Муслим әскері Шаш қаласын алды. Одан әрі қарай жортып, Испиджабқа бет түзеді. Кутейбті бұл қаланың ірі сауда орталығы екендігі емес, оның стратегиялық маңыздылығы қызықтырады: Испиджабты алып, Кутейб ортаазиялық одақтастарына көмекке ұмтылған түрк әскерінің жолын қиып тастауға талпынды. Әскердің артын ала жаулап алынған өңірлерге ислам дінін уағыздау үшін миссионерлер жеңкілтілді. Оларға далалық түрkteкті халықтар арасында ислам дінін уағыздап, оларды жаппай мұсылмандандыру міндеттелген болатын [1].

Дей тұрғанмен Кутейбтің өзінің де, әскерінің де ислам дініне бас білдірту үшін көрсеткен зорлық-зомбылықты қысымы да, миссионерлердің уағыздары да өз жемісін көрсете қоймады. Өйткені еркін өмірленген әрі қазіргі ұғым-түсінікпен айтқанда, демократиялық, яғни мемлекет басшысын жалпыхалықтық жиын-құрылтайда ашық дауыспен сайлап алатын түрkteкті халықтар үшін ислам дінін қабылдауға үгіттеуші миссионерлердің уағыздаулары мүлдем түсініксіз болатын. Кез келген мемлекеттік деңгейдегі мәселе кеңесіп, ақылдасып шешілуге тиісті деп есептейтін олар үшін ислам дінінің аш-шиа бөлігі тұтынушылары ұстанатын билік иесінің абсолютті жеке дара билігіне мойын ұсынып, бас иіп қабылдау, мүлтіксіз орындау керектігі ақылға қонбайтын. Осыдан, сондай-ақ басқалай да себептер болған болар, халифаттың далалық түрkteкті халықтарды алғаш рет қолға алып, жаппай мұсылмандандыруға бағдарланған әрекеттері ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе қоймады.

Түрkteкті халықтарды мұсылмандандырудағы сопылық ағымдардың орны мен рөлі. Кутейб ибн Муслимнің әскерлері мен олардың артынан ілескен миссионерлердің олқылықтарының орнын суфизм ағымының өкілдері толықтыруға кірісті. Бұл ағымның арабша атауы - ат-Тасаууф. Әлем халқына исламдағы мистикалық-аскеттік ағым ретінде танылады. «ат-Тасаууф» терминінің және онымен түбірлес- «мутасаууиф» ұғымының, сондай-ақ сопылардың шығуы туралы бірнеше жорамалды пікірлер бар. Суфизмді зерттеушілер оны «пәк болу, жолдан таймау», әйтпесе «ахл ас-суффа», яғни ислам дініне аса берілген, Құдайдан қорқатын, Пайғамбардың жолын берік ұстанатын діндарлар тобы, деп түсіндіреді. Ал, қазіргі дінтанушы ғалымдар болса «ат-Тасаууф» термині «суф» - «түк» сөзінің туындысы,

бастапқы мағынасында үстеріне түкті шеккен киіп алып, өзгелерді мұсылмандандыру мақсатымен елден ел кезіп жүрген дуана-дәруіштер осылай аталған, дейді. Міне, осындай, яғни өзгелерді мұсылмандандыру үшін дүниенің қызығынан безіп, азап пен жоқшылық арқалаған дуана-дәруіштердің біршамасы VII ғасырдың ортасына таман Мауереннахрдан асып, қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне жетті. Келе-келе жер-жерде сопылық үйірмелер мен мекендер құрып, шәкірттер даярлауды қолға алды. Ал, олардың шәкірттері туған жерлеріне қайтып, жаңа сопылық үйірмелер мен мекендердің ашылуына септесті.

Жалпы айтқанда, далалық түрктен халықтардың балаларын сопылық бауырластық мекендердегі мектептерде оқуға ықыластандырған нәрсе – олардың тек материалдық жағдайларын оңалту үшін ғана емес, рухани тұрғыдан да кемелденіп, ішкі жан дүниелерін байытуға деген құлшыныстарынан да туындап жатты. Өйткені бауырластық мекендердегі мектептерде тек діни білім беріліп қоймай, аздап болса да математика, физика, астрономия, жаратылыс және әлеуметтік өмір негіздері дәрістенетін. Дей тұрғанмен сопылық бауырластық мектептерінің көпшілігінде сабақ араб тілінде емес, парсы тілінде жүргізілді. Өйткені, халифтердің нұсқауларымен көптеген діни-методологиялық еңбектер халифат Иранды өзіне қаратқан уақытта қажеттілігі мен маңыздылығы қатар ескеріліп, араб тілінен парсы тіліне аударылған болатын. Сондықтан жергілікті түрктен халықтар арасынан шығып, өздерінің сопылық бауырластықтары мен мектептерін орнықтырған имамдарға отандастарының парсылық салт-дәстүр мен мәдениетке мойын ұсынып кетпеуі амалдарын іздестіруге тура келді. Осымен қатар оларға отандастарын мұсылман қауымының бастапқы дін тұтастығын бұзып, екі бөлікке бөлінуіне әсер еткен шиитшілдердің ықпалына түсірмеу жолдарын да қарастыру керек болды. Осының бәрін ескере келіп, ислам дінінің сунниттік бағытын берік ұстанған түбі түркілік шейхтер мұсылман әлеміндегі белгілі 4 сунниттік мазһабтың (аш-Шафиға, әл-Маликийя, әл-Ханибила және Ханафи мазһабтары) ішінен түркілік дүниетаным мен дәстүрлі ұстанымдарын терістемейтін әрі Құран мен сүннетте көрсетілмеген қайшылықтарды ақылға салып шешуге болады дейтін Ханафи мазһабының жолын таңдап алды.

Ханафи мазһабының жолын негіздеуші Әбу Ханифа-әл Нұғман бин Сабит әл Имам әл-Ағзам (699-767) мұсылмандық дін мен

ілімнің білімпазы, факих, мұхаддис атақтарын иеленген ұлы тұлға болатын [2, 22-23-б.].

Оның дәлелдемелері бойынша, кез келген мәселе шешімін Құран мен сүннетте көрсетілмесе, ақылға салып шешімдеуге болады. Сонымен қатар Әбу-Ханифа ілімі бойынша, исламдық шарифатқа қайшы келмейтін кез келген халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі өмір сүруге құқылы. Жалпы Әбу Ханифа тек мұсылмандық шарифаттың мәні мен мазмұнын түсіндіріп берумен шектеліп қалмаған. Ол - сонымен қатар, бүгінгі таңда ислам дінінің сүннеттік бағытын ұстанушы барлық түрктенді халықтардың діни танымының өзегіне айналып отырған иман негіздері жүйеленген тұңғыш еңбек «әл-Фихх әл-Ақбарды» немесе «Асл ат-Таухидті» дүниеге келтірген тұлға. Бұл еңбекте мұсылмандықтың негізгі бағыттары мен шарттары баяндалған.

Ал, Әбу Ханифаның бұл еңбегіне талдау жасаған Имам әл-Матуриди, Әбу Мансұр Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Ханафи ас-Самарканди (870-944) өзінің «Китаб-ат Таухид» атты шығармасында оны одан әрі тереңдетіп діни сенім негіздерін, Алланың хикметін-даналығын танытты. Осы екі ғұламаның рухани мұралары - Ханафи мазхабы, Матуриди ақидасы қазіргі Қазақстан өңіріндегі исламдық діни танымның негізін қалайды, делінеді. Өйткені кез келген халық Жаратушының бірлігі мен барлығын мойындаса, ол халық әуелі баста өзін жаратқан Жаратушы қалыптастырып берген салт-дәстүрімен жүруге, ұстануға, басшылыққа алуға, шешім шығаруға, үкімдеуге құқылы. Басқаша айтқанда, түркілік жұрт үшін иман негіздері исламда, ал қоғамдық қатынастарды реттеу жолы түгелімен көнеден келе жатқан дәстүрлік жолында. Бұлайша түсіндіру әрі нәрлі, әрі мазмұнды ғибрат болды. Далалық түрктенді халықтардың ұрпақтары келе-келе мұсылмандықты құр тұтынушы емес, ислам ғылымы мен мәдениетін жасаушы күшке айналды. Алып Азияның далалық өңірлерінде өмірленген түрктенді халықтар қатарынан шыққан ғұламалар мұсылмандық өркениетті құрушылардың алдыңғы легінде көрінді. Олардың ислам өркениетіне қосқан өлшеусіз еңбектерін түркістандық дін зерттеушісі Досай Кенжетай былай дәріптейді: Ислам ілімі мен білімінен сусындап, мұсылмандық өркениеттің қалыптасуында өшпестей із қалдырған түрктенді ғұламалар шаш етектен. Мысалы, Махмұт Ғазнауи кезеңінде ашылған алғашқы Ислам академиясынан Бируни, Утби, Фирдоуси сияқты түрік ғұламалары шыққан. Бирунидің өзі сол кездегі ислам ғылымдарының қай деңгейде екендігін көрсетуге жарайтын өлшем десе болады. Мысалы ол тарих, діндер тарихы,

астрономия, математика, тригонометрия, геология, география, физика, ботаника, медицина сияқты салаларда кітап жазып қалдырған ғұлама. Утби «Тарихи Йамани», Гардизи «Зайн ал ахбар», Хусайт Байхаки де «Тарихи Байхаки» деген тарихи мұра қалдырып кеткен болатын. Фирдоуси де «Шахнама» атты әдебиеттің асыл сынығын қалдырған ойшыл данамыз. Олардың артын ала Махмұт Хорезми, Насируддин Туси, Әбу Мансұр Хазини, Махмұт Ылақи сияқты түркі мұсылман ойшылдары шықты. Ислам діні ғылымдарынан атақты Әбу ал Маали Жувайни (1085), Ханафи факихы Паздауи (1089), атақты «ал Мабсуд» авторы Сарахси (1090), мазхаб тарихын жазып қалдырған Шахристани (1153), Қады Байдауи (1286), атақты мутакаллим, факих, философ қаламшы Кутбуддин Ширази (1311), тафсирші Замахшари (1144), қалам философ Фахриддин Рази (1209). Ал, бұлардан кейін шыққан Молла Жами, Әлішер Навои, Ұлықбек (1394-1449), Хусайн Байқара (1438) сияқты ғұламаларымыздың мұраларынан ислам діні мен ғылымы араындағы байланыстың бірлігін көруге болады. Адамзаттың ең асыл қазынасы - оның тілі. Адам сол тілі арқылы өзінің дүниесін, ішкі әлемін, сезімі мен танымын, өнері мен мәдениетін, діні мен ділін түсінеді, таниды, танытады. Сондықтан тіл туралы тек қана түркі әлемінде ғана емес, әлемге тіл білімі теориясының негізін салып беріп кеткен Махмұт Қашқари атамыз болатын. Қашқари 1073-77 жылдар арасында Бағдатта сол кездегі мемлекет басшысы Муқтади Биллаһқа (1074-1094 жж. билік құрған) «Диуани луғат ит Турк» деген еңбек жазып сыйға тартты. Негізінен бұл кітап арабтарға түрік тілін үйрету үшін жазылған. Аты қарапайым түрік тілінің сөздігі ретінде танылса да ішінде, кейінгі ұрпаққа берері мол мұра қалды. Онда Қарахандардың тарихы, елі мен жері, ру тайпалары, тегі мен тілі, мәдениеті, әлеуметтік өмір салты, тұрмыс салты, аңыз апсаналары қамтылған. Тіліміздің бүгінгі грамматикалық құрылымы, лексикалық түп негіздері, сөз сыныптапалары, сөздің шығу тегі туралы теорияларды да осы еңбектен табамыз. Сол сияқты алғашқы Құран аудармаларына негіз болатын терминдердің баламасы да осы еңбекте сақталған. Жүсіп Хас Хажип (1070) тарапынан жазылған мемлекет философиясы туралы еңбек «Құтадғу Билиг» деп аталады. Табғаш Бұғра Ханға сый ретінде жазылған парасатты ел болу жайлы кітап. Бұл кітап Фарабидің «Парасатты ел тұрғындарының көзқарастарының төркіні» деп аталатын еңбегінің түсіндірмесі іспетті. Мемлекет саясаты, даналық пен құқық, әділет пен ар мәселелері Құран негізінде түсіндірілген саясатнама, моральдық философиялық мұра. Әдиб Ахмет

Йүгнеки де «Атибат ал-Хақайк» яғни «Ақиқат сыйы» деген еңбегін бізге мұра қылып жазып кетіпті. Бұл еңбекте адамның ары, сабыр, иман, ихсан, махаббат, тілге беріктік негіздері түсіндірілген. «Басқа бәле тілден» деген мақалымен есімі дала халқы есінде мәңгілікке сақталып қалған. Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет» атты еңбегін қалдырған. Еңбекте Алланы танудың рухани әдістемесін, тәжірибесін, хәл және мақамдар арқылы ашып көрсеткен. Алланы тану өзінді танудан басталады. «Кім өзін таныса Алланы таниды» деген пайғамбарымыздың нақылын хәл ілімі арқылы ашып танытып кеткен. Ясауидің осы салып кеткен хикмет жазу дәстүрі кейінгі барша түркі мұсылман шайырлары мен даналарына үлгі болды. Әбул Футух Абдулғафур ал Хусайн (1096) «Тарихи Қашқар» атты тарихи мәдени ескерткіш жазып қалдырды. Сонымен қатар «Сатұқ Бұғра Қарахан» аңыздары да осы дәуірде жазылды. Бұл түріктердің алғаш ислам өркениетіне еніп қалдырған мұралары. Негізінен исламдағы құқық мектептері мен теориялары осы Қарахан мемлекеті дәуірінде қалыптасты. Мысал ретінде Бұрханиддин Маргинани, Шамсу Аимма Сарахси, Әбу Заид Даббуси, Фахрул Ислам Паздауи, Садрушшахид Кашани, Омар Насафи, Сиражуддин Уши, Хусамиддин Сығнақи және т.б. еңбектерін атаған орынды. Әлі де болса мұралары игерілмей жатқан бес жүзден астам түрктесті ғұламалардың исламдық ханафи фикх теориясы туралы түсіндірмелері мен негіздемелері бар екендігін осы арада реті келіп тұрғандықтан атай өтудің де ешқандай артықтығы жоқ [3, 50-52-б.].

Әрине, жоғарыдағы талдауларға қарап, ислам дінінің қазіргі Қазақстан аумағына енуі мен қызметтенуі тек оңды көріністеніпті дегендей ой тумаса керек. Өйткені, түрктесті халықтардың мұсылмандануы, ең алдымен, оларды сонау есте жоқ ескі замандардан қолданып келе жатқан жазуынан айырды. Ал, бұл өз кезегінде оларды ата-бабалары ұстанған дүниетанымы мен мәдениетінен алыстата түсті. Барлық отарлаушылар сияқты арабтар да жергілікті халықты арабтандыруды жоспарлы түрде жүргізді. Мысалы, - дейді З.Жандарбек, - 728 жылы Бұхара билеушісі Ашрас қала халқының алдында мынадай талапты жария еткен.

Егер кімде кім ислам дінін қабылдап, бір Аллаға құлшылық етсе, тиесілі парыздарды, атап айтқанда, мешітке барса, уақтылы бес рет намазын оқыса, сүндетке отырғызылса, ораза ұстаса, биязы құлық танытып, билікке қарсы шықпаса және Құраннан белгілі бір сүрені

жатқа айтса, арабтармен теңестіріліп, салықтан толық құтылады [4, 17-б.].

Осылайша алдап-сулап арабтандыру үрдісі отарланған аймақтардың барлық өңірлерінде орын алды. Дей тұрғанмен ислам дінінің мән-мағынасын, арабтық ілім-білімді және мәдениет жетістіктерін жергілікті халық тілінде сөйлетеуге, жазып насихаттауға ден қойған ғұламалар да аз болмады. Солардың бірі - Ахмед Ясауи болатын.

Ясауи жолы ислами діни сенімнің таза түркілік нұсқамасы

Ахмед Ясауи, Ахмед бин Ибраһим бин Әли (шамамен 1093-1167) түркілік суфизмнің негізін салушы. Түркістан (Яссы) шаһарынан шамалап айтқанда 180 шақырымдай қашықтықтағы Исфиджаб (қазіргі Сайрам) қаласында дүниеге келген. Түп тегі түркі. Оған дәлел А.Ясауиді халық Әзіреті Сұлтан деп ұлықтаған. Ал, сопылықта Сұлтан атағы тек түркі тектілерден шыққан, әулиелер үшін қолданылатын ұғым-түсінік болған. А.Ясауидің ілімі ислами діни танымның таза түркілік нұсқасы ретінде бағаланады. А.Ясауидің діни ілімінің теориялық негіздері мен құлшылық ету ережелері оның «Диуани Хикмет» (Парасатты ғибраттар жинағы) атты еңбегінде көрініс тапқан. Бұл шығарма XII ғасырдағы түркілік жазба әдебиетінің ең құнды асыл мұрасы, болып саналады.

Ахмед Ясауидің әкесі Ибраһим өз заманының өте білікті әрі діни білімді тұлғасы болған. Сондықтан ол баласын өзі оқытып, білім негіздерінен сусындатқан. Ахмед Ясауидің шешесінің аты Қарашаш. Әкесі баласы жеті жасқа толғанда Арыстан баба тәрбиелеуге береді. Арыстан баб жас жеткіншекке жан-жақты тәлім-тәрбие береді. Арыстан бабтан тәлім-тәрбие алған жылдар А.Ясауидің бойында өшпестей шуақты із қалдырған. Оны А.Ясауидің белгілі бір хикметінің мазмұндық сюжетінен де байқауға болады. Алла Тағала Жәбірейілге жәннат бағынан құрма теріп кел деп жұмсайды. Ол құрманың бір табағын теріп келе жатқанда, бір құрмасы жерге түсіп кетеді де Мұхаммед пайғамбардың алдына түседі. Сонда Алла: «Мына құрманы алла аманаты ретінде төрт жүз жылдан кейін өмірге келетін Ахмет атты үмметіңе асхабтарың арқылы тапсыр» - дейді. Бұл бұйрықты қабылдаған Мұхаммед пайғамбар барлық асхабтарын жинап алып: «Алла аманатын кім тапсырды?» деген сауал қояды. Ешкім батпаған соң Арыстан баб: «Мен табыстар едім, бірақ ғұмырым жетпейді ғой» - деп, жауап қатады. Бұған Мұхаммед пайғамбар: «Алла аманатын

тапсырғанша, жасай бересің» - деп, құрманы Арыстан Бабқа табыстайды. Алғашқы ұстазынан бата алған Ясауи Арыстан Баб қайтыс болғаннан кейін білімін жетілдіру мақсатымен 1110 жылы Бұхара шаһарындағы Әбу Жақып Жүсіп әл-Хамадани (1048-1140) мектебіне оқуға түседі, делінеді. Алайда, - дейді түркістандық исламтанушы З. Жандарбек, - А.Ясауидің «Диуани хикметінде» Ж. Хамадани туралы ешқандай дерек кездеспейді. Олай болса А. Ясауидің өмірбаянына қатысты деректердің барлығын шындық деп қабылдай беруге болмайды. Екшелеп, електен өткізіп, тек ақиқаттылығына көз жеткізгеннен соң ғана мәліметтеу қажет. Өйткені XV ғасырдан бастап Мауараннахрда саяси биліктік іске белсене араласа бастаған нақшбандийа шейхтері өз ықпалдарын, түрктелі халықтар арасында көтеру үшін беделі артып тұрған Ясауийа тарихаты ілімімен өз түсіндермелерін туыстырып насихаттауда барынша жандандырған. Сөйтіп, Ясауийа тарихатына ешқандай да қатысы жоқ жалған түсіндірмелік тарихты дүниеге келтірген. Бұл пікіріміздің растамалығы Орта Азиядағы сопылық тарихаттар тарихын зерттеп жүрген В.Маделунг, Д.Дэвис, Ә.Муминов, Э.Каримов сияқты ғалымдардың дәлелдемелерімен де нақтылана түседі. Хорасандық сопылық ағымдардың Ясауийа тарихатының қалыптасуына да, уағыздаған діни жолына да ешқандай ықпалы болмады. Ясауийа тарихатының ілімі – бірнеше ғасырлық тарихқа ие Түркістан мубайидиттерінің ілімі мен әдет-ғұрпының табиғи жалғасы болды. Ал бұл ілімнің Түркістан жеріндегі нұсқасы «исхакийа» деп аталады. Бұл ілімді Түркістанға алып келген Исхақ бап – Исхақ ат-Түрік. Шежіре бойынша А.Ясауидің өзі осы Исхақ ат-Түріктің он бірінші ұрпағы. А.Ясауидің өзі де өзінің Исхақ ат-Түріктен тарайтындығын жасырған емес. Оның шәкірттері де бұл мәселеден толық хабардар болған. Сүлеймен Бақырғанидегі:

Исхақ бабтың жұрыны,
Ибрахим шайх құлыны,
Машайхтар ұлығы
Шайхым Ахмет Ясауи—

деген жолдар жоғарыда айтылғандарға куәлік ете алады [4, 27-б.; 31-33-б.].

А.Ясауи 36 жасында Ясы қыстағына (қазіргі Түркістан қаласы) тұрақтап, өз бауырластығын орнықтырады. Келе-келе Ясауи ілімі жаңа түркілік машайхтарының суфизмдегі бір тармағы ретінде сар-и силсила-йи машаих-и түрк дәстүрі бастаушысына айналады. Бұл

Ясауиға тарихатының түркілік ежелгі діни нанымдарды сопылық ағыммен ұштастыра алуынан туындады. Ясауиға тарихатының дәстүрлі түркілік салт-жораларды ислам ілімімен сабақтастыра үлгілеуі жергілікті түркілік халықтарды өзіне ұйытты. Жергілікті этникалық ерекшеліктер – киім кию, зікірді бақсылық көріністе сарындау, далалық әуен (семағ), би (рақыс), құрбандық шалу, т.с.с. исламдық ғибадат ету амалдарын көріктендіре түсті. Сүннеттерді айшықтандырды.

Ясауи мазһабы өзі «қал» және «хал» деп атаған екі ілімнің тұтастығын белгіледі. «Қал» ілімі тек сана-сезіммен танылатын Ясауи мазһабының теориялық білім жүйесін қамтыды. Бұл ілім бойынша адам жаратушы хақ тағаланы тани отырып, оның тұтастық ұғымындағы (хақтың) бір бөлшегі болып қарастырылады. Осы тұтастыққа жету, сіңу (фәнә), бірігу (таухид) мақсатында адамның өмір мәні белгіленді. Адам хақтың бір бөлшегі ретінде рухани және өтпелі кезеңге тән нәпсілік қасиеттердің басын біріктіргендіктен, сынақтан өтіп, абсолютті кемелдікке жетуі қажет. Сонда адам жан, тән азабын кешу арқылы нәпсілік қасиетін басып, рухани пәктігін сақтап қалуында ғана хақпен бірігіп (таухид) дидар көре алады. Ал Ясауи мазһабының «хал» ілімі хақ жолындағы белгі, нышандарды танытатын амал-әрекеттер жиынтығын қамтиды. Бұл ілімде хақ жолындағы қырық мақамның теңгерілу шарттары қарастырылады. Ясауилік оқу бойынша, дәруіштік 40 мақамның оны шарифатта, оны тариқатта, оны мағрифатта, оны хақиқатта деп белгіленіп, әр этаптың мағынасын құдайға деген махаббат арқылы сезінуге көңіл бөлінді. Хақ жолындағы адам белгіленген тәртіппен шарифат-жабарут, тариқат-малакут, мағрифат-лахут, хақиқат-насут шеңберін айналып өткенде, хақпен рухани қатынас туады. Хақпен бірігуде адам өзінің адамдық қасиетін белгілейді, бұл лахут-насут ара қатынасын теңестіруден көрінеді, сөйтіп бұл оқудағы табиғи айналым идеясының бастама алуына ишара жасалады.

Ясауи ілімінде таухид және оған жету негізін белгілейтін психологиялық тәжірибе қағидасы суфизмнің көрнекті өкілі әл-Джунайд ілімінің ықпалында қалыптасқаны айқын. Бірақ Ясауи ілімі таухидке жетуде әл-мәләмәтийә қозғалысына тән пақырлықтың, тақуалықтың мәнін ашуға ерекше тоқтайды. Пақырлықтың өзінде 40 мақам белгілеп, он мақам, он нұр, он жол, он орын деп береді де шегін қылумен (халуа-жалғыздықта болу) қайтарады. Кейін осы іліммен

байланысты дамып, қылуәттік (халуәтйә) тармақ жеке дара өзіндік ілімге бастама болады.

Жалпылама түйіндегенде, Ясауи ілімінің негізін бір Жаратушының барлығын иманға ұйығанда тек дәлелді түсіндірмелермен (сөзбен) қабылдау ғана емес, сонымен қатар «қалдың» экстаздық «хәлде» ешқандай ұмтылыс-тырысу әрекетінсіз, қалбе (жүрекке) түскен илхамдық (шабыттық) нұрдан тасып сәждеге бас ұрғанда Хақпен ұласу, Тәңірлік нұрға бөлену сәті де кірпіштейді. Осындай «хәлде» ішкі сезім дүниесінде бекіп алған бір Жаратушыға сенушілік адам баласының рухын көтереді. Иман адам баласын жамандықтардан, арам ойлардан алыстатады. Жамандықтан, басқаға жаманшылық ойлаудан, немесе жасаудан жирендіреді. Сондықтан адам әр түрлі жамандықтан қолын, тілін және көңілін аулақ ұстайды. Бір жаратушының әміріне қайшы және мінез-құлыққа сәйкеспейтін әр нәрседен сақтанып жүреді. Рухын, көңілін өмірде және ақиретке пайдалы біліммен сусындатады. Өзін өтіріктен, мақтаннан және білімсіздіктен аулақ ұстайды. Жаратушыны қадірлегендей, жаратылысты да, басқаларды да жақсы көреді. Ұлы Тәңірдің бүкіл адам баласын тең құқықты етіп жаратқандығын ұғынып, сезінеді. Сондықтан өзін басқалардан биік ұстап, дандайсымайды. Сондай-ақ өзін басқалардан кем санап, ешкімге бас иемейді. Жаратқанға және жаратылғандарға деген міндетін толық өтейді. Сөйтіп, адам баласына, адамшылыққа жарасатын бүкіл тәлім-тағылымды мінездерге ие болып, әрі адам баласы үшін пайдалы болып, мүмін атанады. Осылайша дүниеге тап-таза көңілмен (рухпен) келген адам баласы өзіндегі қабілет пен танымды иман нұрымен нығайтып, бұл дүниелік адамгершілік қалпын дұрыс сақтағандықтан көңілі масарайып Алла нұрымен қауышады.

Өйткені ислам - әлемдік діндердің бірі ғана емес, бірегейі. Сондықтан ол адам санасында теориялық-логикалық қисында ұғынылуды ғана емес, жан дүниесінде сезімделіп, жүрегінде мәңгілікті тұрақтанып қалуды, ішкі берік сеніміне айналуды қалайды. Ясауидің хикметтерінде айтылғандай, адамның қалбі (көңілі) – Алланың тұрақты үйі болып табылады. Жер мен көкке симайтын болмыс - Алла-мүминнің қалбіне, жүрегіне сиып кетеді. Ең негізгі ғарыш хақтың тұрағы – адамның жүрегі. Сырт көріністе үлкен әлем-табиғат, кіші әлем – адам болып көрінгенімен, ақиқаттығында адам, оның жүрегі - ең үлкен әлем.

Демек Ясауи ілімінің негізі – адам, оның Хақты түсініп, ұғынуы, сезінуі, жүрегінде қонақтатуы. Ясауилік «Мират-ұл-Қулуб» («Көңілдің айнасы») «әл-инсан әл камил», яғни «кемелдегі әбден толысқан адам» ұғымын білдіреді. Себебі адамның көңілі Жаратушының нұрына малынғанда Ақиқатты (Хақты) танып, кемелденеді. Сондықтан нәпсіні тиып, жүректі таза ұстау үшін жаман әдеттерден сақтанып, өзін-өзі тәрбиелегенде немесе оған қарсы үнемі күресте (жихад) ғана адам өзін тәртіптей алады.

Ал, Ясауидің «Фақрнама» рисаласында, - деп түсіндіреді түркістандық оқымысты Д.Кенжетай өзінің Астана қаласында жарияланған «Зайырлы ел-қайырлы ел» атты еңбегінде [3] «фақр» термині нәпсіден құтылып, рухани кемелдікке (фака-фи-Аллахқа) ұласуды ұлықтайды. «Фақр-Болмыс бірлігінің ағашы». Ол ағаштың бұтағы – ақыл, тамыры – еркіндік, жемісі – жақсылық пен жомарттық, саясы – қанағат, бойы – шуақ, жапырағы тиген адам – парасатты. Миуасын жеген адам мәңгілік өмірмен қауышады. Кім оның саясында паналаса рухани елігіп, шабыттанады, Ақиқат (Хақ) нұрына малынады. Бұл – оған Тәңірдің берген сыйы.

Тек бұл «хәлді» адам тілімен (сөзімен) жеткізе алмайды. Тек сезінеді. Бұл сезіну сыртқы бес сезім мүшелері арқылы сезіну емес, «басират – көңіл көзі» арқылы, яғни «ішкі сезім» (интуиция) арқылы сезіну. Ясауилік «интуиция» философиялық түсіндірмедегі «құралсыз түйсіну, қабылдау» категориясынан басқаша, ешқандай себеп-салдарға негізделмейтін танымдық сезім. Ясауилік таным себеп-салдар емес, мақсат-мұрат іздейді. Ясауи ілімінде адамның өзін-өзі тануы «мағрифат-ун-нафс», ал Тәңір туралы танымы «мағрифат-ул-аллаһ», делінеді. Осы екі танымның бірлігі Ясауилік ұғым-түсінікте «Хикмет» термині арқылы түсіндіріледі. Хикмет – адамның ой-санасы мен іс-әрекетін тұтастықта танып, түсіндіретін ілім [3, 337-339-б.].

Дей тұрғанмен Ясауидің сопылықтың түркілік бағытын жасауы, түркілердің рухани бірлестікке ұмтылуы ислам әлемінің барлық жерінде қолдау тапқан жоқ. Әсіресе, Хорасандық сыңаржақ шиит ілімін ұстанған топтар Ясауиға тарихатына қатты шүйлікті. Себебі, хорасандық сыңаржақ шиитшіл топ өкілдеріне түрктен халықтардың ел басқарудағы коллективтік билік жүйесі, төменгі биліктен жоғары билікке дейін жалпыхалықтық жиын-құрылтайда сайлануы ұнамайтын. Өйткені олар үшін мемлекеттік басқарудың парсылық, яғни билік иесінің жек бастық абсолюттік билікті нұсқасы бірден-бір дұрыс бағыт саналатын. Сондықтан оларға Ясауиға тарихатының

түркілік ел басқрау жүйесін бірден-бір дұрыс билік жүйесі ретінде тануы, түркілік дәстүрлі мәдениет пен әдеп-ғұрыпты, түркілік өмір сүру қалпы мен салтты ислам діні талаптарымен сабақтастыруы, түркілік рухты ислам діні өзегіне айналдыруы ұнай қойған жоқ. Шамалары жеткенше даттап бақты. Бұл үрдіс өз маңыздылығын жоймай кейіндеу келе соғды-тәжік, парсы мәдениетіне іш бұратын нақшбандийа тарихаттары шейхтері тарапынан қолдау тапты.

Ясауийа және Нақшбандийа тарихаттары арасындағы теке-тірес

Нақшбандийа - XV ғасырдың аяғына таман тарих-н хуаджаған мистикалық ілімін қайта жаңғыртып Абд әл-Халық әл-Гидждууани құрған сопылық бауырластықтың аталымы. Бұл бауырластықтың Нақшбандийа аталу себебі теориялық негіздері мен ғибадат ету рәсімдерін 1318-1389 жылдар аралығында өмір сүрген ортаазиялық суфизмнің ірі өкілдерінің бірі Нақшбанд, Баха ад-дин Мұхаммед бин Бурхан ад-дин Мұхаммед әл-Бухари қалаған. Ағымның нақшбандийа атауы оның кәсібіне (нақшбанд-нақыштаушы) байланысты орныққан. Көзі тірісінде Нақшбанд байлыққа қызықпаған, қанағатшыл тақуа адам болған. Ол 40 күн ораза тұтуға, дәруіштердің қайыршылық күн кешіп, дінді көпшілік алдында музыкамен ән айтып, би билеп насихаттауына, сондай-ақ айғайлап зікір салу секілді мистикалық дәстүрге қарсы жолды ұстанған. Оның ұстанымы - рухани тазалық, сұғанақтыққа бой алдырмау, дәулеттілікке қызықпау, ең бастысы сопылық тұрмыс-тіршілікте өмірленуі болған. Ол, сонымен қатар, Пайғамбардың хадистерін, суннаны қатты ұстауды, шариғаттың барлық шарттарын орындауға үгіттеген. Нақшбанд дүние салғаннан кейін (барлық түрктесті халықтарға тән өлгеннен кейін ғана барып, құрмет тұтатын әдет) оны әулие санап құрмет тұта бастаған. Зиратының басына 1544 жылы Шибани Абд әл-Азиз хан салдырған кесене тәуап ететін орынға айналдырылған. Оның басына үш рет барып тәуап еткен адам Мекке мен Мединеге қажылыққа барғанмен бірдей болады деп есептелген.

Міне осылайша ислам діні мен ілімінің жаңа ағымының жасақталуына өз жолын ұсынған ғұлама есімі жаңадан құрылған сопылық бауырластықтың аталымына айналған.

Алғашқы құрылымында көзқарастары төтенше қатал суниттік бағытты ұстанған бұл ағым өзінің рухани силсиласын бір жағынан Әбу Бәкірге, екінші жағынан Әли Б. Әбу Тәліпке апарып тірейді.

Тарихаттың бұл шежірелік құрастырмасы аз-захаб силсила (алтын тізбек) деп аталымдалып, Пайғамбармен рухани жағынан да,

бауырластық жағынан да бірлікті танытты. Алтын Орда аумағында нақшбандийа бауырластығы көшпелі түрктен мемлекеттер басшылары арасында зор беделге ие болды. Себебі бауырластық шейхтері сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай түркілік ортада қалыптасқан коллективтік билік жүйесін терістеп, оның орнына жеке билеушінің абсолюттік билігі орнатылуы қажеттілігін шарифаттық құқық негізінде тәспірлеп берді [5, 369-б.; 4, 239-242-б.].

Бертін келе беделі шарықтай түскен нақшбандийа тарихаты Мауреннахрда түпкілікті орнықты. Қалалық тұрғындар, соның ішінде ең алдымен, саудагерлер бауырластық бастамалары қызу қолдап, жанашырлық танытты. Ал, бауырластықтың орталық билігі Убайдоллах Ахрар қожаның (1404-1490) қолына шоғырланғанда бауырластықтың саяси-идеологиялық ықпалы өзінің ең жоғарғы шарықтау шегіне жетті. Саудагерлік және жер иеленуші топтарға арқа сүйенген Убайдоллах Темір әулетінің өзара ала ауыздықтарына дем беріп бір-біріне айдап салуда алдына жан салмады. 40 жылға жуық уақыт бүкіл аймақтың билігін өз қолына ұстады десек те артықтық етпейді. Оның «Өзіңнің әлемдік рухани парызыңды атқару үшін саяси билікті пайдалана білу қажет» деген ұраны Нақшбандийаның бұдан кейінгі бүкіл діни-идеологиялық айдап салушылық үгіт-насихатының және саяси билікке ұмтылушылық белсенділігінің өзегіне айналды.

1500 жылы Мауреннахрда өз билігін орнықтырған көшпелі өзбектер Ахрар қожаның ұлан-ғайыр иелігін басып алып, оны күл талқан етті. Бауырластықтың көптеген мүшелері бытырай жан-жаққа босты. Осы босқындардың біршамасы қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағына келіп қоныстанды. Осы өңірлерде бүгінгі таңда өздерін «біз қожа әулетіненбіз» деп жүргендердің бір шамасы солардың ұрпақтары.

Ахрар қожаның саясатын 1515 жылы бауырластық басшысы болған («Ұлы билеуші» атанған) Ахмет Қасани қожа (Ферғана, 1543 немесе 1549 жылы өлген), одан кейін оның мирасқорлары, шайбани және аштархан әулеттері биліктері тұсында бұқаралық нақшбандийалық бауырластықтар шейхтері де ұстанды. Джуйбар шейхтері (XVI ғасырдың ортасы XVII ғасырдың аяғы) бұл үрдісті жаңғырта дамытты. Нәтижесінде Нақшбандийа бауырластығы өздеріне дейін Мауреннахрда, қырғыз Алатауында және қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде үстемдікке ие болып келген ислам дінінің қаратаулық (иассауийа тарихаты) ағымын кескілескен шайқаста жеңіп, өңірде өздерінің діни-идеологиялық үстемдігін орнықтырды. Жалпылама айтқанда нақшбандийа тек Орталық Азияда ғана емес, өзі пайда болған

XV ғасырдан бүгінгі күнге дейін Иранда, Үндістанда, Түркияда, Мысырда, Сирияда, Палестинада, Курдистанда, Иерусалимде, Индонезияда, Малайзияда, Цейлонда, Мозамбикте, Шығыс Түркістанда, Татарстанда, Солтүстік Кавказда әртүрлі не сүннеттік, не шииттік бағыт ұстанған бауырластықтар түрінде өмір сүріп келеді [2, 132-135-б.].

Шиитшілерден алшақтау бағыт ұстанады десек те соғды-тәжік, парсы мәдениетіне іш тартатын кейбір түркістандық нақшбандийа тұтынушылары хорасандық сыңаржақ шиитшіл топтардың көзқарастарын дұрыс деп санайды. Осыған қарап ислам дінінің қазіргі Қазақстан өңіріне таралуын зерттеуші ғалымдар, нақшбандийа бауырластығының өмірге келтірілуінің өзі де түрктесті халықтардың рухани тірегіне айналған Ясауи ілімін тарих сахнасынан алыстауға бағдарланған болатын, деп түсіндіреді [6]. Расында да небір қысым көрсетулердің нәтижесінде Ясауийа тарихатының әлсіретілуі нақшбандийа шейхтерінің беделін көтере түсті. Келе-келе олар билік тармақтары алдында беделденіп, мемлекеттік саясаттарда жол көрсетушілік идеологияға ие болды.

Дей тұрғанмен, олардың түркілік билік жүйесіне, парсылық билік жүйесіне тән абсолюттік билік қалпының ендірілуін шарифат жолымен тәпсірлеп беруін бұқара көпшілік қолдай қоймады. Өйткені нақшбандийа шейхтері қолдауымен Орталық Азия өңірлерінде орныққан бірнеше түркілік мемлекеттердің өмірленулері қысқа болды (мысалы, Қарақан мемлекеті, Алтын Ордадағы Жәнібек хан билігі, Әмір Темір мемлекеті, Шайбани мемлекеті, т.б.). Себебі, бұрыннан орныққан мемлекеттердің күйреуі алапат соғыс өртін тұтандырып, бұқара халықты ірі күйзелістерге ұрындыратындығы өзінен өзі белгілі жәйт.

Ең жамандығы, нақшбандийа шейхтерінің түркілік әдептен рулас жандардың өзара некелесуіне тиым салатын ғұрыпты шарттық құқық аясында тәпсірлеп, алдыртып тастаулары болды. Бұл арам пиғылды баптың өмірге келтіріліп, практикаға ендірілуі түрктесті халықтардың генофондын әлсіретіп жіберді. Өмірге ауру-сырқаулы ұрпақтың аяқ басуын тездете түсті. Нәтижесінде бұрындары ірі денелі, кескін келбеттері жарқын болған түрктесті халық азғындап, ұсақталып кетті. Антропометриялық көрсеткіштері, яғни дене ірілігі, бой ұзындығы, дене салмағы кеміп, майдалана түсті. Бұл сорақылық қалыптан кейбір түрктесті халықтар тек ХХІ ғасырдың бірінші

ширегінде ғана, онда да заң жүзінде тиым салып қана барып құтыла алды.

Жалпы Ясауи ілімінің бұқтырылып, нақшбандийа ағымының түрктелі халықтардың санасына күштеп сіңірілуі жоғарыда жүйеленген теріс ықпалды әсерлермен қатар түрктелі халықтардың біртұтастығына сызат түсіріп, ыдырата бастады. Нәтижесінде, – дейді ислам дінінің Орталық Азия өңірлеріне таралу тарихынан ондаға тұшымды еңбектердің авторы З. Жандарбек, – түрктелі халықтар өздерінің ислам дінінің белгілі бір ағымның жолын ұстануларына қарап алғашында бұқаралық, самарқандтық, ферғаналық, хорезмдік, қазан қалалық, түркістандық, далалық, т.б. болып бір-бірінен бөлектенді.

Келе-келе белгілі бір этникалық топтарға ұйысып көшпелі өзбек, ноғай, қазақ, татар, қарақалпақ, т.б. делініп аталымдала бастады. Жаңа этникалық аталымдарды иеленген халықтар өз мемлекеттерін орнықтырып, этникалық топтарға жіктелу үрдісін одан әрі жандандыра түсті. Тіпті белгілі бір этникалық қауымдастықты құрылымдаған ру мүшелері өздері «піріміз» деп ұлықтаған шейх бауырластығынанбыз, деуді мәртебе санап, одан әрі жіктеле түсті. Мысалы, бүгінгі таңда өздерін не қожа, не сунақ, не басқалай атандырып жүргендердің тектері жағынан кешегі күні не қазақтарды, не өзбектерді, не татарларды, не ноғайларды, не қарақалпақтарды құрылымдаған түрктелі рулардан екендігі байқалады [4].

Бүгінде Ясауийа тарихатының нақты өмірленгендігін терістейтін жазылымдар да бой көрсетіп қалуда. Айталық, дінтанушы Тұрарбек Құсайыновтың «Жас Алаш» газетінің 2019 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы сандарында (№ 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11) жарияланған «Шырмауық» атты мақалалар топтамасында Ясауийа тарихатының нақты өмірленгендігіне шек келтірілген. "Зерттеушілердің пікірі бойынша, Қожа Ахмет Ясауи (шамамен XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген) өз алдына тарихат (ақиқатқа жетудің мистикалық сопылық жолын) құрмаған. Ол – орталығы Бұқара қаласында болған нақшбанд тарихатының өкілі. Ол кейін тарихат жазирасының (діни идеологияның ықпалды аумағы) теріскейіне уағызшы етіп жіберіліп, Ясы (Түркістан) қаласында өмірден өтеді. Бұған жарты әлемді жаулап алған Әмір Темір өзінің кеңесші пірінің айтуымен Қожа Ахмет Ясауиге кесене салдырғаны дәлел болады.

Қазақстанда Ясауи тарихаты жөнінде 2000 жылдары айтыла бастады. Бұл оқиға ауған-пәкістандық қазақ Исматулла Әбдіғаппар

есімімен байланысты. Исматулла жамағаты зікірдің (Құдайды еске алудың жоралғысы) жария (басты бұлғақтатып, интенсивті қимылмен зікір ету) түрін әдепке кіргізе отырып, өздерін «жалпыхалықтық атеизм тұсында ұмыт болған Ясауи тарихатын жаңғыртып жатырмыз» деп жар салады. Ясауи тарихатының «қазақтың байырғы діні» болғанын дәлелдеу үшін А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердіұлы шығармаларын, қазақ фольклорының ыңғайға келетін кейбірін сопылық сарында тәпсірлей бастайды. Есесіне Ясауи өкілі болып табылатын нақшбанд тарихатын терістеп, оны «сасықтардың», «дүмшелердің» қатарына қосады. Бұл тәмсілдің астарында нақшбанд тарихаты Ясауи тарихатынан экстремистік сипатта бөлініп шығып, кейін Ясауи тарихатын халық санасынан күшпен ысырып, ұмыттырып жібергені жөніндегі пікір жататын.

Ясауи тарихатын бұрын болмағанын, оның бері де, тәуелсіз Қазақстанда пайда болғанын дәлелдейтін тағы бір оқиғалар желісі бар. Өздерінің қазақ қоғамына әсерін күшейту үшін Ясауишілер қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері мен кейбір қазақ хандарының да «Ясауи сопылық жолын ұстанғанын» айта бастады. Тіпті Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан Түркістан қаласында қазақ хандары мен батырларының жерленуі де соған дәлел ретінде қарастырылды. Исламға дейінгі діни культтің жұрнақтары болып саналатын Шопан ата, Зеңгі баба сияқты әулиелер де өмірде болған нақты адамдар ретінде қайта қарастырылып, оларды Қожа Ахмет Ясауи шәкірттерінің қатарына қосты.

Қазақ қоғамын толық қамту жолында Ясауишілердің идеологиялық қиындыққа тап болғанын айта кетпесе болмас. Мысалы, Қазақстанның батысындағы халық Бекет атаға (Бекет Мырзағұлұлы) сыйынады, соны пір тұтады. Рас, ол – Хорезм сопылық мектебінің түлегі. Егер осы тұстан тарамдасақ, Бекет атаның сопылықтың кадария тарихатын ұстанғаны айқын. Қожа Ахмет есімін пайдаланып, қазақстанның түстігі мен шығысын діни идеологиялық шырғама алған ясауишілердің алдында батысты да игеру мақсаты тұрды. Олар, алдымен жыршы-жырауларды өздеріне тартты. Зиялы қауымның бұл санаты әсіреидеалист, аңыз-әпсаналарға сенгіш. Сондықтын Исматулла құрған жаңа сопылық тарихатқа зиялы қауымның біршама бөлгілі елітіп кеткен болатын. Мұндай елігуден маңғыстаулық беделді зиялы топ өкілдері де сырт қалған жоқ. Аймақта біршама беделі бар олар Бекет атаның да «Ясауи сопылық жолында болғанын» дәлелдеп шығуға зор үлесін қосты. Осылайша 2000 жылдарда құрылған Ясауи

сопылық тарихаты Алтай мен Атырауға созылып жатқан тәуелсіз Қазақстанның «қилы заманда ұмыт болып, ұлттың қайта түлеу кезінде кезінде табысқан діні» іспетті идеологияның ұшқыны пайда болды [7].

Т.Құсайынов, жоғарыда аты аталған газеттің 2019 жылдың 12 ақпанында жарияланған кезекті мақаласында, бұдан да қатты көңілге қонымсыз мынадай пікірлер білдірген. «...Белгілі бір тұлғаны тым асыра дәріптеу негізінде идеология жасаудың түбі жақсылыққа апармайды. Алғашында «Құдайдан басқа құдай жоқ» принципіне негізделген ислам дініндегі кертартпа процесс Мұхаммед пайғамбардың қазасынан кейін-ақ басталған түрлі мүдде көздеген дінпаздар хадистер мен сүннеті ойлап тапты. Құранды өз мүддесінің ыңғайына салып тәпсірледі, сонысын қауымға өмір сүрудің этикеті ретінде ұсынды. Соның кесірінен дін атын жамылған саяси идеологиялар қанат жайды. Ал дін – Құдай мен Құран сол идеологиялардың кепілінде қалды. Сондықтан да дінді идеологиялардың шырмауынан босатып, азат ету керек.

Мұхаммедтің пайғамбарлық миссиясы оның қазасымен бірге аяқталған. Ал оның күйбің тіршілігін, әдеті мен мінезін дәріптеп, үлгі тұту исламның басты принципін бұзады, Құдайға серік қосқанмен тең. Адамзат үшін киелі бір ғана басқы субстанция болуы тиіс, ол – Құдай. Құдай мен адамның арасын жалғаушы нұсқаулық кітаптар бар. Дін әрбір адамның интимді мәселесі екені де маңызды. Топ болып қауымдық сипатта наным-сенім рәсімін жасау Құдайдың әрбір адамға жекелеп берген бостандығын тәрк етеді. Саяси мүддені көздеген идеологтар діннің мәні мен мазмұнын өздерінің ыңғайына үнемі бұрып отырады. Сондықтан әрбір адамның рухани индивидтік болмысын сақтау және оны қорғау үшін бірінші кезекте исламдағы қажылық, жиһад, намаз сияқты исламға қатысты ұғымдарға тарихтың әр кезеңінде саяси конъюнктура жағдайында жабысқан коллективтік сипатынан ажырату керек.

Шиизм мен суннизм арасындағы қайшылық тым тереңдеп кеткен. Әзірге оны ислам қауымдастығы дискурсында шешу мүмкін емес. Десек те Орталық Азияның постсоветтік республикаларында немесе жеке-дара Қазақстан аумағында діни идеологиялар кикілжіңінің қақтығысқа апаратын қаупін сейілтуге болады.

Бірінші кезекте сопылық тариқаттар культ жасап отырған ғимараттар мен тұлғаларды тұмшалап тастаған мифтерді ғылыми зерттеу жасау арқылы эзотерикалық түсініктен артылу керек. Мысалы, Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметін» дін философиясы ретінде емес,

поэзиялық шығарма деп қарастырған жөн. Ал, ақын тұлғасын мифтендірудің тіпті жөні жоқ. «Диуани Хикметті» де, Қожа Ахмет Ясауиге Әмір Темір салып берген алып кешенді кесенені де адамзат мәдениетінің ерте заманнан жеткен ескерткіші ретінде қарастырған жөн. Одан өзге феномен іздеуге ғылыми негіздеме жоқ. Кесенені сәулет өнерінің жетістігі ретінде қарастыра отырып, Әмір Темір патшалығының солтүстігіндегі дала халқына отырықшылық өмірді дәріптеуге тырысқанын немесе алып ғимаратты теріскейден үнемі шапқыншылық жасай беретін көшпенділерге сес көрсету үшін салғанын да ұмыт қалдыруға болмайды. Сондай-ақ ислами ағымдардың халифат билігіне таласу кезінде туындағанын да ескерген жөн [8].

Әрине белгілі бір дін, оның мәнін түсіндірудің әр түрлі жолдарының пайда болуы, дамуы және ел алдындағы беделі туралы әркімнің өз пікірі болуы заңды құбылыс. Себебі таза діни көзқарас кез келген жеке адамның Жаратушыға деген ішкі сүйіспеншілікке толы сезімді сенімін білдіреді. Өйткені Жаратушы мынау ғарыштық шексіз-шетсіз кеңістікті, табиғатты, жан-жануарларды өзінің жаратқандығын, ұлылығын, кереметтерін ұғынып сезінсін, білсін, таңдансын деп адам баласын саналы етіп жаратқан! Өзін танып, басқаларға танытуда қандай да бір жолды таңдауға ерік берген! Демек, Жаратушыны танып-біліп, оған сыйыну жақсы тілек тілеу жолы, олардың түсіндірмелері әр түрлі, қарама-қайшылықты, терістеуді терістеу болуы шартты. Сондықтан дінтанушы Т.Құсайыновтың ислам дінінің қазіргі заманғы ағымдары туралы өзіндік пікірлерінің қызықты мазмұндалғандығын бағалай білген дұрыс.

Дей тұрғанмен, отарлық қамытын кигенге дейін ғасырлар бойы далалық түрктенді халықтар Ясауи тарихаты негіздеп берген ілімді өзінің мұсылмандық сенімінің өзегіне айналдырғандығын терістей алмайсыз. Өйткені, - дейді түркістандық дінтанушы ғалым Зікірия Жандарбек өзінің «Ясауи жолы және қазақ қоғамы» атты [4] аты шулы зерттеуінде, Ясауи ілімінің мемлекеттік идеологиялық ұстаным ретінде тұрақтануы түрктенді халықтардың рухани біртұтастығын қалыптастырды. Одан кейінгі кезеңдердегі рухани тұрғыда кемелденуінің көкжиегін кеңейте түсті.

Тек мемлекеттік билікті өз қолында шоғырландыруға тырысқан Жәнібек ханның Ясауийалық ұстанымды ислам дінінің ирандық нұсқамасымен ауыстыруы елішілік сызат түсірді. Өйткені ислам дінінің ирандық нұсқамасы мемлекеттік істердің бұрынғыдай кеңесіп,

ақылдасып барып шешілуін терістеп, Жәнібек ханның абсолютті жеке бастық билікке ұмтылысын қолдап, шарифаттық құқық аясында негіздеп берді. Осылайша Шыңғыс хан ұрпақтарының ислам дінінің ирандық нұсқамасын дұрыс деп қабылдап алып, Ясауийалық ұстанымды шеттетуі, мемлекеттік мәселелердің кеңесіп, ақылдасып барып шешілуін жойып, билікті жеке дара иеленуі түрктенің халықтардың этникалық жіктелуіне апарып соқтырды. Нәтижесінде біртұтас мемлекет халқы ыдырап, бірнеше майда хандықтарға бөлініп кетті. Мысалы, Ноғай, Астрахан, Казан, Хорезм, т.с.с. дегендей.

Ал, Алтын Ордамен қатар мемлекеттеніп, өзінің діни бірлігін жоғалтпай, керісінше соның айналасында топтасқан мемлекет халықтары рухани бірлігін, мәдениетін және салт-дәстүрін сақтағандықтан гүлденіп, өркендеп шарықтап кетті. Олардан артықтығы болмаса, түрктенің халықтардың біртұтас мемлекетінің ешқандайда кемістігі жоқ еді. Өкінішке қарай, түрктенің халықтардың билеушілерінің еліктегіштігі, өзгенің жылтырағына әуестігі түркі дүниесін орға жықты. Кеше ғана қол астында болып, отарлаушы елдің бар азабын тартқан халықтар өздерінің рухани тұтастығының арқасында күшейіп, өз мемлекеттерін құрды. Өзіне үстемдігін жүргізген түрктенің халықтарды толығымен тізе бүктіріп, табанының астына салды. Ислам дінінің Ханафи мазхабына жат ұстанымын көтермелеген Жәнібек хан және оның ізбасарлары мемлекеттің ішкі тұтастығын әлсіретіп, түп-түбінде құрдымға кетірді. Ислам дінінің ирандық нұсқамасы Алтын Орда мемлекетінің жұлына түскен жұлын құрты болып шықты. Түрктенің халықтардың рухани тұтастығын бұзып, әртүрлі діни ағым соңынан ілестіріп жіберді. Халқын әркімкі этникалық топтарға ыдыратты. Сөйтіп біртұтас ішкі бірлігі жарасқан мемлекетін күйретті [4, 239-242-б.].

Сондықтан өткен тарихтан сабақ алып, үзіліп қалған рухани сабақтастықты жалғастыру, еліміздің ішкі рухани бірлігін нығыздап отыруға айрықша назар аудару егеменді мемлекетіміз үшін басты қағидат, гүлденіп өркендеуінің ұстынды тұғырларының бірі болуы тиіс. Осыны терең түсініп, сезіне білген Елбасы Н.Назарбаев бастаған ел ағалары мемлекет пен дін арасындағы қатынасты реттеуге ерекше көңіл бөлуде. Елімізде дінаралық татулық пен ұлтаралық түсіністік берік орныққан. Еліміздегі мұсылмандық ұстанымдағы ұлттарды, соның ішінде, ең алдымен қазақ халқын ислам дінінің Ханафи Мазхабы ұстанымына толық бой алдыртуға, сөйтіп исламдық діни сенімді біріздендіруге барлық жағдайлар жасауда. Ясауий ілімінің

барша мұсылман баласын бірлікке шақыратындығы елдің ішкі тұтастығына негіз қалайтындығы ескеріліп, ол барынша насихатталуда. Ясауи ілімінің, - дейді исламтанушы түркістандық ғалым Д.Кенжетай, - ұстындық негізі Құран, діни тәжірибесі мен психотехникалық жүйесі – ар, танымдық негізі – болмыстың бірлігі, мағрифат пен ақиқат. Ал, Ясауи ілімінің ең басты 4 ұстанымы мен шарты: заман, мекен, ихуа, рабти сұлтан – қазақ мемлекеттігінің негізгі құрылымдық тірегі болды. Ясауи ілімі құқықтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, діни танымдық (доктриналық) жағынан имам Матуридың мектебіне негізделген түркі халықтары арасында кең тараған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің кені. Ясауи жалпы түрктенді халықтар руханият кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, ойлау қалыптарымыз бен дүниетанымдық жүйемізге исламдық құндылықтар негізіндегі ар түзейтін ғылымның моральдық-этикалық арнасы мен үлгісін көрсетіп кеткен тұлға [3, 289-б.].

Қазақстан, ел Конституциясында тұғырландырылғандай, өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік қағидаттарды басшылыққа ала отырып орныққан мемлекет. Мемлекет қызметінің түбегейлі қағидаттары: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістер мен шешу. Қазақстанда адамдардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге жол берілмейді [9, б].

Міне бұл елге де, оның тұрғындарына да нағыз зайырлы көзқарас, ұстаным. Ал, мұсылмандық табиғатынан зайырлықты, елге, адамдарға сүйіспеншілікті уағыздайтын, барша халыққа бейбіт өмір тілейтін руханият. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «дініміз – ислам, кітабымыз – Құран, тегіміз - түрк» деп діни сенімімізді айқын тұжырымдап берді. Сондай-ақ Елбасы – Ұлт көшбасшысы ислам дінінің ішінде «имам ағзам Әбу Ханифаның мазхабын» тұтынатынымызды да шегелеп берді. Ясауи ілімінің дәстүрлі түркілік дүниетаным өзегі екендігін нұсқалап көрсетті. Ясауиалық ұстанымдардың әлеуметтік бірлігіміздің ынтымақтастығымыз бен берекелігіміздің руханияттық өзегі екендігін де естен шығармауды тапсырды. Ұлттық тек пен ата дәстүрді, мәдениет пен болмыстық кодты кастерлеу, зайырлық пен отан сүйгіштік патриоттық сезімді үнемі ұшқырлап отыру – елді мәңгілікті орнықтырудың, гүлдендіріп, өркендетудің, күнделікті түлетуді кепілі екендігін ескертті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. – М., 1972. –316 с.
2. Ислам. Энциклопедия. –Алматы: Қазақ энциклопедия Бас редакциясы, 1995. –287 б.
3. Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел. – Астана, 2017. – 392 б.
4. Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми-зерттеу. – Алматы: Ел-шежіре, 2006. –256 б.
5. Бартольд В.В. Сочинения.Т.VI. М., 1965.
6. Оңтүстік Қазақстан. – 29 қазан 2016 ж.
7. Жас Алаш республикалық газет. – 22 қаңтар 2019 ж.
8. Жас Алаш республикалық газет. – 12 ақпан 2019 ж.
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. –32 б.
10. Жүсіпұлы Сайдақ қожа. Жүзге кірмейтін қазақ рулары// Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). –Алматы: Атамұра,1994. – 95-107 беттер.
11. Зайнуддинов Д.Р. Арабоязычные источники по истории Золотой Орды: анализ переводов В.Г. Тизенгаузена// Золотоордынская цивилизация. Сборник статей. Вып.3. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ., 2010. – 252 с.
12. История Казахстана в арабских источниках. Т.1-2. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузенем. Переработанное и дополненное издание. Алматы. 2005. 721 с.
13. Ходжсон М. История ислама: исламская цивилизация от рождения до наших дней. Перевод с английского А.Н.Гордиенко, И.В.Матвеева, Н.В.Шевченко, М.: ЕКСМО, 2013. 1088с.

REFERENCES

1. Gafúrov B.G. Tadjiki. Drevneishaya, drevnaya i srednevekovaya istoriya. –M., 1972. – 316 s.
2. Islam. Entsiklopediya. –Almaty: Qazaq entsiklopediya Bas redaktsiiasy, 1995. –287 b.
3. Kenjetai D. Zayırlı el – qayırlı el. – Astana, 2017. – 392 b.
4. Jandarbek Z. Iasaıı joly jáne qazaq qoǵamy. ǒylymı-zertteı. – Almaty: El-shejire, 2006. –256 b.
5. Bartold V.V. Sochineniya.T.VI. M., 1965.
6. Ońtústik Qazaqstan. – 29 qazan 2016 j.
7. Jas Alash respýblikalyq gazet. – 22 qańtar 2019 j.
8. Jas Alash respýblikalyq gazet. – 12 aqpan 2019 j.
9. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstitýtsiiasy. –32 b.
10. Júsipuly Saıdaq qoja. Júzge kirmetin qazaq ǵylary// Qazaq shejiresi (ǵylymı dáiekter men shejirelik málimetter negizinde jasalǵan). –Almaty: Atamura,1994. – 95-107-b.
11. Zainýddinov D.R. Araboıazychnye istochniki po istorii Zolotoı Ordy: analiz perevodov V.G. Tizengaúzena// Zolotoordynskaia tsivilizatsıa. Sbornik stateı. Vyp.3. Kazan: Izd-vo «Fen» AN RT., 2010. – 252 s.
12. Istoriya Kazahstana v arabskih istochnikah. T.1-2. Sbornik materialov, otnosıaıhsia k

istorii Zolotoi Ordy. Izvlecheniia iz arabskikh sochinenii, sobrannye V.G.Tizengazyzenom. Pererabotannoe i dopolnennoe izdanie. Almaty. 2005. 721 s.

13. Hodjson M. Istoriia islama: islamskaia tsivilizatsiia ot rojdeniia do nashih dnei. Perevod s angluskogo A.N.Gordienko, I.V.Matveeva, N.V.Shevchenko, M.: EKSMO, 2013. 1088s.

Özet

Makalede Orta Asya Türk halklarının Müslüman olmaları ile ilgili tarihî kaynaklar incelenerek buna etki eden mezhepler ile temsilcilerinin yanı sıra İslamiyet'e ışık tutan sufi geleneğinin önemi ve rolü değerlendirilmektedir. İslamiyet'in Orta Asya'ya yayılmasını ve faaliyetlerini ortaya koyan yayınlar içerisinde Orta Çağ'daki Arapça ve Farsça eserlerden daha önce çevrilen ancak akademik camiada pek kullanılmayan önemli kaynakların ele alınmasına ve bunların detaylı bir şekilde incelenmesine büyük önem verilmiştir. İslamiyet'in Orta Asya'ya yayılması 960'lı yıllara değil daha erken dönemlere dayanmaktadır. İslamiyetin 714 yılında yayılmaya başladığı ifade edilmektedir. Orta Asya halklarının İslamiyet'i benimsemelerinde Arap ve Fars din görevlilerinin yanı sıra yerel halk arasından çıkan şeyh, imam, hafız ve mollaların da büyük katkısının olduğu belirtilmiştir. Türk halklarının Hanefi mezhebini benimsemesinde Yesevilik tarikatı ile birlikte birçok ehli-sünnet mezhebinin de büyük katkı sağladığı ortaya konulmuştur. Ayrıca daha önce yapılan araştırmalarda ele alınmamış olan Yesevilik tarikatının İran'ın Şia mezhebi ile Nakşibendi tarikatlarına karşı verdiği mücadele de ele alınmış ve söz konusu araştırmada Yesevilik'in tam anlamıyla Türk geleneğini esas alan bir tarikat olduğu ortaya konulmuştur.

Anahtar Kelimeler: İslamiyet, Şafii mezhebi, Malikiler, Hanbeli mezhebi, Hanefi mezhebi, sufi geleneği, şeyhler, tarikatlar.

(Nuskabayev O. Türk Halklarının Müslüman Olmaları: Tarihsel Süreç ve Kaynaklar)

Аннотация

Цель данного исследования обзор истории мусульманских тюркских народов Центральной Азии, анализ и оценка роли и места конкретного религиозного мусульманского духовного лидера, влиятельных представителей, а также суфийского братства. Особое значение придается средневековым арабским и персидским источникам, о которых никогда не сообщалось. Результаты и новизна исследования: обоснование того, что внедрение ислама в Центральной Азии, как было сказано ранее, началось не в 960 году, а раньше, в 714 году. Доказано, что не только религиозные лидеры, но и религиозные представители народа, шейхи, ишаны, кари и муллы внесли большой вклад в распространение ислама среди тюркских народов Центральной Азии. Учения Яссави и некоторых суннитских движений повлияли на выбор ислама и ханафитского мазхаба тюркскими народами. Исследование также показывает, что исламская религия Яссауи имеет чисто тюркский характер и характеризуется своими непредсказуемыми аспектами в научных открытиях ее борьбы против иранского направления аш-шиа и тариката накшбанди.

Ключевые слова: шейх, тарикат, религия ислам, аль-Шафи, аль-Маликия, аль-Ханибила, мезхед Ханафи, братство суфизма

(Нускабаев О. Мусульманизация тюркских народов: исторические и исходные ссылки)